

□ ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА НАҚТЫ ҚАДАМДАР ЖАСАЛДЫ

Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы өзінің нақтылығымен және мақсаттылығымен елдің алдағы жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарын айқындайды. Жолдауда көтерілген мәселелер барлық қазақстандықтарды, бірінші кезекте ұстаздар құрамын бей-жай қалдырған жоқ.

«Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз. Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр». Жолдауда көтерілген мәселелердің жай ғана сөз емес, іс жүзінде жүзеге асып жатқандығының бүгінде куәгеріміз.

ҚР Президенті өткен жылы Үкіметке Педагог мәртебесін және мұғалімдердің жалақысын арттыруды, отандық ғалымдарға ерекше назар аударуды, білім беру саласын жан-жақты қолдауды тапсырған болатын. Халықаралық олимпиада жеңімпаздарына, оқушыларға конкурстық грант беру, жетекшілеріне ма-

териалдық қолдау көрсету керектігіне назар аударылғаны да маңызды.

Бүгінгі таңда, жоғары білім беру саласының алдында кәсіби кадрларды даярлау тұрғысынан мемлекеттің үмітін ақтау міндеті бар. Яғни, жасампаз шығармашылық кәсіби мамандарды дайындап, елігілігіне қызмет істеуге жұмылдыруы тиіс. Демек, академиялық қауымдастықтың ендігі ісі – қазақстандық білімді, білім берудегі әлемдік көшбасшылардың деңгейіне шығару.

**А.ЕШМҰРАТОВА,
М.Әуезов
атындағы ОҚУ
филология
факультеті
гуманитарлық
мамандықтар үшін
шет тілі
кафедрасының аға
оқытушысы,
магистрі.**